

екенін біз білмейміз.

«麒麟» «цилин» қытай сөзі 凤凰 «феникс» сөзі секілді екі буынды сөз «麟» «жалғыз мүйіздің ері» және «麒» «жалғыз мүйіздің әйелі» сөздерінен тұрады. «麟» бір буынды сөзі «цилин» мағынасында жиі қолданылады.

Бұл мифтік жануар бақыт әкелуші болып саналған, бейбітшілік, тыныштық пен гүлденуді белгілейді. Цилинь адамға өте сирек кездеседі, ол бірнеше жүз жылдықта бір рет пайда болады және аңыз бойынша, бұл жақын аралықта дананың туылатынын білдіреді. Халық арасында болған Цилинь культі болашақта дана әрі игілікті адам болуы тиіс балалардың, ұлдардың туылуына үміт артумен байланысты болды. 天上石麟- tian shang shi lin сөзбе-сөз «аспанның тас цилині» - бір адамның баласын мақтау, жақсы баға беру.

学如牛毛, 成如麟角 - xue ru niu mao, cheng ru lin jiao «ғалымдар көп, талаптылар аз» (сөзбе сөз «білім алушылар бұқаның жүніндей, нәтижеге қол жеткізетіндер цилинь мүйізіндей»).

Тасбақа – ең ежелгі заманнан бері өмір сүріп келе жатқан шынайы әрі киелі жануар (тасбақаның сүйегіне жазылған ильдік бал ашу жазбалары б.з.д. XVII – XI ғғ.). Қытайлардың дәстүрлі көзқарасында тасбақа әлемді реттеудің негізгі сызбасын, әлемнің өзіндік тірі моделін білдіреді. Тасбақаның бойына барлық ғаламшар сыйып кетеді. Оның басы оңтүстікке, құйрығы солтүстікке, аяқтары шығыс пен батысқа қарап тұрады. Оңтүстікке от, жылқы мен жылан белгілері, қызыл түс сәйкес келеді; солтүсік – бұл су, шошқа және тышқан, түсі қара; шығыс – ағаш, жолбарыс және қоян, түсі көкшіл (жасыл); батыс – металл, қораз және маймыл, түсі – ақ. Ежелгі қытайлар жер тасбақаның арқасында жатыр деп ойлаған, сондықтан ол космостық тепе-теңдіктің әрі әлемдік үйлесімнің символы болып саналған. Бұдан бөлек тасбақа – даналықтың, білім мен ғылымның, ұзақ өмір сүрумен шыдамдылық белгісі /5, 12-21/.

乌龟有肉 - 在肚里 - wugui you rou- zai du li «ішкі мазмұны бай болу»; «жақсы адамның мейірі – ішінде» (сөзбе-сөз «тасбақаның еті бар ішінде») 跋鳌千里- bo bie qian li «барлық қиындықтан өтіп, жетістікке жету» (сөзбе-сөз «ақсақ тасбақа ұзындығы мың шақырым қашықтықты жүріп өтті»).

Тіл үйрену барысында берілген елдің ұлттық және мәдени ерекшеліктерінен хабардар болу керек. Қытай тілін үйренуде құрамында ұлттық нақыштағы өсімдіктер мен жануарлардың атаулары кездесетін мақалдарды зерттеп, білу қытай мақалдарының бай сөздік қорын игеруге мүмкіндік береді.

1. Сад камней: мудрость Китая и Японии/ [пер. с кит. И.Э. Циперович, пер. с яп. А.М. Кабанова]. - СПб.: Паритет, 2003. - 317 с.: ил.

2. Корнилов О.А. Жемчужины китайской фразеологии/ О.А. Корнилов. - М.: ЧеРо, 2005. - 335 с. : ил., портр. - Библиогр.: с. 330-332.

3. Мельникова Е.В. Китай: Поднебесная империя// Культура и традиции народов мира (этнопсихологический аспект)/ Е.В. Мельникова. - М. : Диалог культур, 2006. - С. 195-209; То же [Электронный ресурс]. - URL:

4. 60 рассказов о китайских поговорках: [учеб. пособие]/ [сост. Шэнь Цзюнь, Ма Ханьминь]. - М. АСТ: Восток-Запад, 2008. - 224 с. (Разговорный китайский).

5. Войцехович И.В. Фразеология китайского языка: пословицы// Филол. науки в МГИМО: сб. науч. тр./ Моск. гос. ин-т междунар. отношений (ун-т) МИД России. - 2004. - № 18. - С. 12-21.

В данной статье рассматриваются животные и растения свойственные китайской культуре и часто встречающиеся в китайских и пословицах и поговорках. Статья дает возможность познакомиться с одной из необычных граней китайской культуры и имеет практическое значение.

In given article it is spoken about plants and animals which are often used in proverbs and sayings and take the important place in language and culture of China. Article gives representation about an unusual side of the Chinese culture.

Ө. Күмісбаев, З. Ажибекова

НАУАИ ЖӘНЕ БАБЫР РУБАИЛАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Бізге белгілі Шығыстың классикалық әдебиетінің әсері алуан салалы болып келеді. Шығыс шайырлары бұл жолда шабыт шумақтарын шебер нақыштай білген. Ақындар адамзат тағдыры, өмір өткелдері туралы пікір-

лерін әр түрлі лирикалық жанрлар арқылы жеткізеді. Шығыстың поэзиясы лирикалық жанрларға бай. Бұл жанрлар мазмұны және құрылысы жағынан өзіне тән ерекшеліктерге ие.

Түркі әлемінде рубаидың түрленуі және

шығу тарихы әлі де толық зерттелмеген. Бұл мәселе бойынша ғалымдардың пікірлері бірдей емес. И.С. Брагинский, Р. Ходизода, Р. Амонов, А. Хакимов сияқты тәжік әдебиеттанушылары рубай түрі парсы-тәжік фольклорында пайда болған деген пікір білдіреді. Мұндай пікір ағылшын шығыстанушысы Э. Браун тарапынан да айтылған. Е.Э. Бертельс бұл туралы: «Әдетте орта ғасыр дарий тілі әдебиетінде ұйқастың пайда болуы араб әдебиетінің әсерінен», - дейді. Шүбәсіз, араб халифатының қол астындағы халықтардың мәдениетіне араб тілі мен әдебиетінің таралуы және әсер ықпалы тигені тарихи факті екені анық.

Бірақ жұптық ұқсастықтар (яғни, төрт тармағы да үйлескен) арабтарға белгісіз, оларға рубай да сол сияқты мәлім емес. Рубай ерте заманнан бері Орта Азиядағы түркі халықтар фольклорының сүйікті жанры болып саналып келген.

Ғалым Е.Э. Бертельс өз пікірін және де тереңдетіп анық дәлелдермен толықтырып отырады: «Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрік» сөздігі XI ғасырдың екінші жартысында жазылған. Әдеби мұрадағы өлеңдер, эпикалық шығармалардан үзінділер ұйқаспен жазылған. Енді мынадай сұрақ туады: Иран халықтарында осы екі әдебиеттің көбірек таралғаны қайсысы? – араб әдебиеті ме немесе түркі халықтарының ауызекі әдебиеті ме? Біздің ойымызша, жауап анық сияқты: араб тілі Орта Азия халықтарының арасына толық сіңе алмаған. Ол әрдайым өзге тіл болып қалған. Түрлі түркі халықтар тілдері тәжік аймағы арасында кең таралғаны мәлім. Бұл ерте замандарға барып тірелетін тамырларға ие деп есептеу керек? /1, 52/.

Е.Э.Бертельс бұл жерде бір ақиқатты айқын көрсеткен. Сондықтан оның пікірлері, кейінгі ғылыми зерттеулерде бекітіліп, жаңа-жаңа фактілермен байытылған. Бұл жағынан филология ғылымдарының докторлары Э.Рустамов, М.Юнусов, М.Хамраевтардың жұмыстарын айрықша атауға болады. Біздіңше, Е.Э.Бертельстің ұсынған тезисі дұрыс.

Парсы-тәжік әдебиетінің қасида (қасыда), қыта, мәснәуи сияқты өлең формалары X ғасырда шарықтау шегіне жеткен. Бұл жанрдың ең алғаш туындылары Абу Абдаллах Рудаки шығармаларында кездеседі. Рубай формасы X ғасырда парсы-тәжік ауызекі және жазба әдебиетінде қалай еді? Тәжік әдебиеттанушылары бұл сұраққа анық жауап беру қиын екендігін айтады. Олардың рубай генезисіне деген көзқарастары анық дәлелдерге ие емес.

IX ғасырдан алдында парсы-тәжік әдебиетінде рубай формасы ұшыраспайды. Түркі

халықтар ауызекі поэзиясында ерте кездерде-ак рубайға ұқсас өлең өрнектері болған, ал парсы-тәжік әдебиетіне бұл өлең өрнектері кейін жеткен. Бұған, әрине, Е.Э.Бертельс айтқандай, түркі фольклорының әсері болған. Түркі халықтар фольклорында рубай формасының ең ескі үлгілері бізге дейін Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» атты еңбегі арқылы жеткен. Демек, рубай формасы түркі халықтар әдебиетінде ертеден келе жатқан дәстүрлі үрдіс болып табылады.

Мазмұн жағынан болсын, формальды белгілері жағынан болсын рубай жанрын түркілік ортада шарықтау шегіне жеткізіп, артына асыл мұра ретінде мінсіз төрттағандар қалдырған Әлішер Науаи мен Захираддин Бабыр еді. Рубай өз ішіне әртүрлі тақырыптарды қамти отырып, негізінен, тәлім-тәрбие, философиялық, әлеуметтік, көңіл күй, саяси тақырыпта жазылған. Бұл тұрғыдан Науаи және Бабыр рубайларының үндестіктері өте көп. Осы ойымызды нақтылай түсу үшін Науаидың мына мысалын келтірейік:

Гурбатда ғариб шодмон булмас эмиш,
Эл анга шафику мехрибан булмас эмиш.
Ол тун қафас ичра гар кизил гул бутса,
Булбулға тикондек ошиён булмас эмиш. /2, 754/

Жолма–жол аудармасы:

Жат елде, жат жұртта өмір сүрген мүсәпір
еш уақытта көңілді жүрмейді екен,
Бөтен ел оған қамқор, мейірімді болмайды екен
Алтын тордың ішіне гүл қойып, бұлбұлды
Соның ішіне салып қойса да
Бұлбұлға өз тікенеңіндей ұя бола алмайды екен.

[Автор аудармасы]

1. Гурбат (шағатай тілінде) ғариблик, яғни өз Отанынан алыста өмір сүру, біреулердің елі, жат жұрт.

2. Ғариб – мүсәпір.

3. Шафиқ - қамқор

4. Ошиён – ұя, ін, құстың ұясы деген мағынада.

Төрттаған а-а-б-а түрінде үйлескен. Сонымен бірге өлеңнің жазылу тарихына үнілер болсақ, Науаи әке-шешесі қайтыс болып тағдыр тәлкегіне кезігеді. Осындай қиын-қыстау кезеңде ақын өз ұясын өте сағынған, туған жеріне оралғысы келген бұлбұлға өзін теңейді. Төрттағанның негізгі сарыны – Отанға деген сүйіспеншілік. Сонымен бірге ақын Шығыс поэзиясына тән, дәстүрлі бұлбұл мен гүл бейнелерін қолданған. Өзін бұлбұлға теңей отырып метафора әдісін шеберлікпен пайдалана білген. Мұнда «тадридж» тәсілі әртүрлі қайталанулар көмегімен жүзеге асып, өлеңде айтылар ойды неғұрлым экспрессивті түрде

жеткізу үшін қолданған дегенге саяды. Рубаидағы «шодмон, мехрибон, ошиён» сөздері грамматикалық формада тұрып, өзара ұйқасады. «Булмас Эмиш» редифі 1-, 2-, 4- мисралардан кейін келеді. Демек, ұқсас формалармен редиф көмегімен мисралар қайталанып отырған.

Осы орайда тағы бір Шығыстың майталман шайыры Бабырдың төрттағанын келтіре кетейік:

Ёд этмас эмиш кишини ғурбатда киши,
Шод этмас эмиш кунгулни мехнатда киши.
Кунглум бу ғарибликда шод улмади ох
Ғурбатда севунмас эмиш албатда киши /3, 198/

Жолма–жол аудармасы:

Есіне алмайды екен кісіні жат елдегі кісі,
Көңілі көтерілмейді екен азаптағы кісі
Көңілім бұл мүсәпірлікте көтерілмеді–ай шіркін,
Өзге елде қуанышты көңілде жүре алмайды екен,
әрине, кісі. [аударма автордікі]

Ең алғаш төрттағанның шығуына тоқталайық. Бабыр он бір жасқа жеткенде яғни 1494 жылы әкесі Омар Шайх қайтыс болады да, ежелгі дәстүр бойынша яғни тақ әкеден балаға өтіп, Бабыр мемлекетті басқару барысында неше түрлі қиыншылықтарға душар болады. Соның бірі Шайбаниханмен Бабыр арасындағы Самарқанд қаласындағы 1504 жылғы қанды шайқас еді. Шайқаста Шайбанихан жеңіп шығады. Жеңілген Бабыр енді Үндістанға қарай жолға шығады. Бабыр он екі мың әскерімен Дели патшасы сұлтан Ибрагим Лолидің он мың кісілік қолын жеңіп шығады. Сонымен, Үндістан Бабырдың екінші Отаны болды. Ол мұнда үлкен мәдени жұмыстар жүргізді, аса күрделі құрылыстар салды, елдің ең таңдаулы ақындары мен ғалымдарын өз маңына топтады.

Дегенмен оның өмірінің соңғы кезі де қайғы-қасіретпен өтті /6, 147/.

Ең алдымен, ол өзінің туып-өскен жерін жастық шағын өткізген Мәуереннахрды сағынды. «Бабырнамеде» айтылуынша, Бабыр еліне қайтып бара жатқан жолаушыларға көзі мөлтілдеп, менен туған жеріме сәлем айта барыңдар деп, өзі бөлмесіне кіріп, көп уақыт шықпай, өлең жазып отырады екен. Соның бірі жоғарыда біз келтірген төрттаған еді. Рубаида өзге елде жүрген адам қандай сезімде болады, қандай күй кешеді?! Осыны шайыр керемет шеберлігімен оқырман жүрегіне жеткізе білген. Шындығында жат жұртқа жүрген адамның жүрегінде мұң жүреді. Көңіл күйі болмай, күлгісі де келмейді. Ол өздігінен ақиқат нәрсе. Сонымен бірге мисраларда «ғурбат» сөзі, яғни өзге ел, жат жұрт деген сөз екі рет және «кунгул», яғни көңіл екі рет, кісі сөзі төрт рет қайталанып келеді. Мұнымен шайыр оқушының

басты назарын айтылмақ болған ойға аударады. Өлеңнің лирикалық кейіпкері туған жерін, елін елжірей сүйген жан. Төрттаған а-а-б-а үлгісінде үйлескен рубайи формасы.

Бұл екі ақынның да төрттағандары ұйқас жағынан керемет, мән-мағынасы терең жазылған. Олардың сарыны да айтпақшы болған ой пікірлері де бірдей. Ол - туған жер сағынышы, еліне деген құштарлық. Екі шайырдың осындай туындыларын оқығанда жан тебіренер, адамды баурап алатын әсем әсерге бөленеміз. Адам баласы халқын, елін жұрттын, Отанын шын жүректен, шынайы махаббатпен сүю керектігін ұғынамыз.

Науаи және Бабыр рубайиларындағы мұндай үндестіктер өте көп. Соның айғағы ретінде тағы бір төрттағанды келтірейік:

Жондин сени куп севармен, эй умри азиз,
Сондин сени куп севармен, эй умри азиз.
Хар неники севмак ондин ортуқ булмас,
Ондин сени куп севармен, эй умри азиз /2, 752/

Жолма-жол аудармасы:

Ғазиз өмір артықсың жанымнан да,
Ғазиз өмір артықсың арымнан да.
Сені сүйдім бәрінен артығырақ,
Ғазиз өмір артықсың бәрінен де.

[Аударма автордікі]

Науаи - оптимист шайыр. Ол өмірді сүйген және оның жақсы болуын, адамдардың бақытты өмір сүруін армандайды /4/.

Жоғарыда келтірілген рубайида өмірді жанымнан артық сүйетіндігін, еш нәрсені де сондай сүйіп көрмегенін айтады.

Төрттаған а-а-б-а дәстүрлі ұйқасымен жазылған. Өлеңде «жондин», «сондин», «ондин» сөздері өзара ұйқасып тұр. Ал ұйқасатын тармақтардың соңынан келіп отыратын «куп севармен» сөзі өлеңнің ұйқасын арттырып, көркемдігін көтеру әрі сол сөзге ерекше мән беру мақсатымен қолданылады. Бір сөздің бұлайша қайталанып отыруы «редиф» деп аталады. Демек, бұл төрттағандағы «куп севармен» редифі өлеңнің ұйқасын арттырып қана қоймай, оған әуенділік, эмоционалдық реңк беріп, оқырманның назарын сол сөзге аударады.

Науаи өз заманының сөз зергері, сөз шебері болған. Парсы-тәжік әдебиетінде Фирдоуси, Низами, Сағди, Хусрау Дехлави, Хафиз, Руми, Жәми сияқты ақындар болған. Ал түркі әлемінде Науаи шығармалары алғашқы туынды болып есептеледі. Себебі оған дейін мұндай ақын түркі әдебиетінде болған емес. Сондықтан Әлішер Науаиды жаңашыл ақын десек қателеспеген боламыз.

Науаи заманында өмір сүрген, онымен хат алысып-беріскен, Үндістан елінің патшасы Захираддин Мухаммад Бабыр рубаи жанрында мейлінше мол қалам тербеген деп, жоғарыда айтып өткен едік. Бабыр - патша болып ел басқарса да әдебиет саласында көптеген еңбектер жазған. Мысалы:

Ахбоб ийгілмоқни фарағат тутингиз,
Жамиятингиз борини давлат тутингиз.
Чун гардиши чарх будурур, Тенгри учун,
Бир бирни неча кунни ғанимат тутингиз ! /3, 166/

Жолма- жол аудармасы:

Достар жиналғанын рахат деп білің,
Ауыз біршіліктің бәрін дәулет деп білің.
Уақыттың өтуін бір Тәңірі үшін,
Бір – біріңізді неше күн болса да ғанибет білің.
[Автор аудармасы]

Бұл рубаида Бабыр достардың қадірін, ауызбіршіліктің маңызын, уақыттың өтуін, бір-бірін әрқашан ғанибет көру керектігін айтады. Яғни, шайыр өз өлеңінде философиялық ой қозғап, уақыт өтіп озып кете беретінін, достық, өмірге деген махаббат сезімдерін қадірлеу-қастерлеу керектігін паш етеді. Ақынның көтеріп отырған негізгі мәселесі де осы - өмірге деген сүйіспеншілік. Екі ақынның айтар ойы, негізгісі де - өмірге деген махаббат сезімі. Шындығында да уақыт өте береді, ал айналамыздағы достар, құрбы-құрдастар, біз сүріп жатқан өміріміз бір күні бізбен қоштасары шүбәсіз. Сондықтан әр күнімізді, әр минутымызды алтын деп біліп, бір-бірімізді ренжітпей, бақытты, қызықты етіп өткізуіміз керек деген ойға баруымыз анық.

Рубаи табиғатында ерекше орын алатын тақырып – философиялық ой-толғам. Рубаи жанры ақыннан үлкен дарынды шеберлікті талап етеді. Науаи рубаиларын оқыған кезде ұлы дана философ көз алдымызға келеді.

Ким истаса салтанат саходур анга шарт,
Хар вадаки, айласа, вафодур анга шарт.
Ким факир талаб қилса фанодур анга шарт,
Олига неким келса ризодур анга шарт /2, 756/

Бұл төрттағанда ақын жүз тармақтан тұратын өлеңдегі пікірлерді жүйелі түрде төрт қатарға сыйғызған.

Жолма-жол аудармасы:

Сарайға ие болу үшін ең алдымен мейірімді болу керек.
Әрбір уәдеге тұрақты болу керек,
Кім пақырдан талап етсе, пана болу оған шарт,
Алдына не келсе соған разы болу керек.

[Автор аудармасы]

Түпнұсқадағы төрттаған а-а-а-а түріндегі таранаи рубаи. Бірінші тармақта сарайға яғни

патша сарайына ие болу үшін ең алдымен мейірімді болу керек дейді. Ақынның өлеңі ханға қарай айтылған секілді. Екінші тармақ әрбір уәдеге тұрақты болу керек дейді. Ақынның осы мисрасы ғибратли сөз сияқты. Бір тармақта тұрып өздігінен дербес мағына береді. Уәдеге патша болсын, кедей болсын, барлығы да тұрақты болу керек дейді. Сондықтан рубаиды оқыған адам, өзінше ой тұжырымдап қорытындылайды. Шайыр өз өлеңінде патша өзі берген уәдені халық алдында орындай алу керек деген ой түйеді.

Аталмыш туындыда жазушы күнделікті өмірдегі адамдар қарым-қатынасындағы көрінетін кейбір жағымсыз мінездерді, жаман әдеттер мен былапыт сөзге дағдыланып кеткен қылықтарды сөз етеді.

Қандай бір өнер саласы болмасын, дәстүр мен жаңашылдық ешқашан маңызын жоймайтын мәселе. Уақыт пен кеңістік өзгергенімен, өмірде қалап алынған пәлсапалық танымы терең ғасырларға жететін құбылыстар, өзінің ізінен қалыптасқан бір жолды қалдырып отырады. Ол уақыт өте келе дәстүрлі, нағыз бастау бұлаққа айналады. Өзгелер осы дәстүрді үйреніп, соның нәтижесінде өзге де бір жаңа құбылыстарды дүниеге алып келеді. Дәуірдің талабына қарай ол - ең озық, жаңашыл танымды қалыптастырады. Алайда шығармашылық даралықтың қалыпта-суында белгілі бір логика, заңдылық бар. Сол сияқты Науаи шығармашылығы түркілік ортада болсын, әлем әдебиетінде болсын, өзіндік ерекшелігі бар.

Белгілі профессор А.Хайтметов: «Науаи рубаи жанрында өзінің ақындық шеберлігін толық көрсетті және әрқалай идеяны көркемдік тәсілдер арқылы оқушыға таңқаларлық дәрежеде әсерлі етіп бере алды» дейді.

Науаи және Бабыр рубаиларының үндестігі қай тақырыпта болмасын сәйкес келе береді. Оны төмендегі төрттағандардан көреміз:

Андин бериким кошимда ерим йуктур,
Хижронда жуз нолои зорим йуктур.
Дашт узра куюн каби қарорим йуктур,
Саргашталигимда ихтиерим йуктур /3, 751/

Жолма- жол аударма:

Біраздан бері қасымда жарым жоқ.
Қайғыдан жүз нала зарым жоқ,
Шөл далада құйын секілді шешімім жоқ.
Еріксіз шөл сахарда қаңғырып жүрмін.

[Автордың аудармасы]

Қай ақын болмасын өз болмысын өзінің лирикалық кейіпкері арқылы береді. Сол арқылы сездіреді. Лирикалық тұлға көзқарасының дәуір шындығымен астасып жатуының бір сыры сонда. Яғни, лирикалық тұлға дегеніміз –ақын-

ның бүкіл шығармашылық ғұмырында айқындатылатын бейне болса, лирикалық кейіпкер жеке кез келген мәтіндік бөлшекте және лирикалық өлеңде көрініс тапқан авторлық дербес сананың көркемдік тұрпаты.

Науаи лирикасының ерекше орны, өзіндік өрнегі бар асыл қазына екендігі белгілі. Жоғарыда берілген Науаи төрттағанына еліктеп Бабыр назира дәстүрі бойынша төмендегідей рубаи жазды:

Купдин бериким еру диерим йуктур,
Бир лахзау бир нафас қарорим йуктур
Келдим бу сори уз ихтиерим бирла.
Лекин борурумда ихтиерим йуктур /3, 163/

Жолма жол аудармасы:

Көптен бері жарым жоқ,
Бір мезетте бір уақыт шешімім жоқ,
Келдім бұл жерге өз еркіммен.
Бірақ оралуда еркім жоқ.

[Автор аудармасы]

Бұл рубаида Бабыр көптен бері жары жоқ екенін. Бір мезет болса да жүзінде күлкі жүрмейтінін. Үнді еліне өз еркімен барып алып, туған жеріне оралуға өз еркінің жоқтығын жырлайды.

Аталмыш рубаидың ақын өмірімен байланысты екеніне еш шүбә келтіре алмаймыз. Бабырдың Отанынан жырақта жүріп, өз иеліктері үшін нәтижесіз күрес жүргізгені белгілі. Туған елден аластатылған ақын жан тебіренісін, сағынышы мен мұңын монолог негізінде көркем бере білген. Өзбек жазушысы Пірімқұл Қадировтың «Жұлдызды түндер» атты романында былай деп жазады: «Ибраһим Лолидің шешесі Бабырды өлтірмек болып у бергенде, бір жылдай Бабыр қатты ауырады. Осы уақыттарда жаны ауырып, мазасы болмай, көңілі еш нәрсе қаламай жүрген шағында көп өлеңдер жазып, мұңын өлеңмен бөліседі. Жоғарыда жазылған рубаи – оның анық дәлелі бола алады. Бабыр тек қана назира дәстүрін ұстанған ақын ғана емес, рубаиды нақышына келтіре жырлаған ақын. Оның өлеңдерінің мазмұны терең, философиялық ой қозғайтын бір новелла секілді.

М.Хаккуловтың пікірінше, Бабыр ғазалдарында да, рубаиларында да өмір, бақыт пен махаббаттың жыршысы ретінде көрінеді.

Бабыр өлеңдерінде көтерілген сан-салалы тақырыптарды жинақтай келе, М.Хаккулов

рубаиларды шартты түрде екіге бөліп қарастырады:

1. Дәстүрлі тақырыпта жазылған төрттағандар

2. Белгілі бір жағдайға байланысты жазылған рубаилар.

Ғалым Бабыр шығармашылығында екінші арнаның басым түсетінін ерекше атап көрсетеді /5/. Жоғарыда талданған екі рубаи, үлкен арна ретінде көрінетін қасиет Науаи мен Бабырдың өздері жете танып білетін, өзі көрген, өз жүрегімен сезінген жайларды ғана жазатындығына көз жетеді. Өмірде ақынға тақырып болмайтын құбылыс жоқ. Әңгіме сол құбылыстың ішіне үңіле қарап, сырын ашу керек қой. Міне, ақындар өлеңінде осы бір табиғи қалпында бейнелейтін көркем шежіре деуге болады. Олардың өлеңдерін өмірдің өзінен көше қалған шежіре деуге болады.

Олардың өзі көрген, өздері жақсы білетін жайларды ғана тереңнен толғайды. Өздерін толғандыратын тақырыбының ішіне бойлай еніп, оны ұтымды жаңа бейнелер арқылы әсерлі етіп беру олардың басты ақындық шеберлік қасиеттерінің бірі.

Науаи және Бабыр рубаиларының үндестігін келтірілген төрттағандардан көрдік. Олардың идеялары, стильдері де бірдей екендігі өз-өзінен анық көрініп тұр. Шайырлардың рубаиларында адамның адамға деген мейірім нұры байқалып тұр. Өмір сабақтарынан көп дәріс алғандықтан оқырмандарға қарай насихат айтқандай, ауызбіршілікке, ынтымақтылыққа шақырады.

1. Бертельс Е.Э. *История-таджикской литературы*. - Москва, 1960.
2. Науаи А. *Хазайнул маони. I том.* - Ташкент 1959.
3. Бабури З.Б. *Сочинения Савдоси тушти*. - Ташкент, 2007..
4. Маллаев Н. *Узбек адабиети тарихи*. - Укитувчи, 1986.
5. Хаққулов И. *Узбек адабиетида рубаий*. - Ташкент. УзССР. «Фан» нашриети, 1981.
6. Исмаилова С.М. *Шығыс халықтарының әдебиеті*. - Тараз, 2003.
7. Күмісбаев Ө. *Иран әдебиетінің тарихы*. - Алматы, 2009.

В статье рассматриваются сходства великих классиков Востока Науаи и Бабури в жанре рубаи.

The article told us about resemblances of great classics Nauai and Babur's «rubai» genre.